

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне қылмыстық заңнаманы одан әрі ізгілендіру және қылмыстық процестегі заңдылықтың кепілдіктерін күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 18 қаңтардағы № 393-IV Заңы

1-бап. Қазақстан Республикасының мына заңнамалық актілеріне өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

1. 1997 жылғы 16 шілдедегі Қазақстан Республикасының Қылмыстық кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 15-16, 211-құжат; 1998 ж., № 16, 219-құжат; № 17-18, 225-құжат; 1999 ж., № 20, 721-құжат; № 21, 774-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53, 54-құжаттар; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 10, 106-құжат; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 15, 137-құжат; № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 21-22, 87-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 12, 72-құжат; № 15, 92-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 4, 33-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 13-14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 13-14, 63-құжат; № 15-16, 71, 73, 75-құжаттар; № 17, 82, 83-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 5-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 11, 59-құжат; № 15, 71-құжат; № 20-21, 119-құжат; 2010 жылғы 27 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) мынадай мазмұндағы 10-1-баппен толықтырылсын:

«10-1-бап. Әкімшілік преюдиция

Осы Кодекстің Ерекше бөлімінде көзделген жағдайларда үлкен қоғамдық қаупі жоқ қылмыс үшін, егер әрекет дәл осындай әкімшілік құқық бұзушылық үшін әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде жасалған болса, қылмыстық жауаптылық туындайды.»;

2) 39-баптың бірінші бөлігінің ж) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«ж) абақтыда ұстау;»;

3) 40-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Жазалаудың негізгі түрі ретінде тағайындалған айыппұлды төлеуден әдейі жалтарған жағдайда, ол осы Кодекстің 42, 43-баптарында көзделген қағидалар сақтала

отырып, айлық есептік көрсеткіштің үш еселенген мөлшеріне сәйкес келетін айыппұл сомасының орнына тиісінше бір ай түзеу жұмыстарына немесе сексен сағат қоғамдық жұмыстарға тарту есебімен қоғамдық жұмыстарға, түзеу жұмыстарына тартумен ауыстырылады.»;

4) 41-баптың төртінші бөлігінің бірінші сөйлеміндегі «қамауға алуға немесе» деген сөздер алып тасталсын;

5) 42-баптың екінші бөлігінде: екінші сөйлемдегі «46,» деген цифрлар және «, қамауға алумен» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

үшінші сөйлемдегі «, қамауға алудың» деген сөздер алып тасталсын;

6) 43-баптың төртінші бөлігіндегі «, қамауға алу» деген сөздер алып тасталсын;

7) 45-баптың бірінші бөлігі бірінші абзацының бірінші сөйлеміндегі «бес» деген сөз «жеті» деген сөзбен ауыстырылсын;

8) 46-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«46-бап. Абақтыда ұстау

1. Абақтыда ұстау сотталған әскери қызметшіні тағайындалған жазаның барлық мерзімінде қоғамнан қатаң оқшаулау жағдайында ұстауды білдіреді.

2. Абақтыда ұстау бір айдан үш айға дейінгі мерзімге белгіленеді.»;

9) 53-бап мынадай мазмұндағы бесінші және алтыншы бөліктермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

«5. Егер осы Кодекстің Ерекше бөлімінің адамды кінәлі деп тануға негіз болған бабының санкциясында, осы баптың бірінші бөлігінің д) тармағында көзделген жеңілдететін мән-жайлар болған кезде, жазаның әрқилы (балама) түрлері көзделсе, кішігірім және орташа ауырлықтағы қылмыстар үшін бас бостандығынан айыру т а ғ а й ы н д а л м а й д ы .

6. Сотқа дейінгі іс жүргізудің жеңілдетілген тәртібі көзделген істер бойынша, жасалған қылмыс үшін жазаның мерзімі немесе мөлшері осы Кодекстің Ерекше бөлімінің тиісті бабында көзделген жазаның неғұрлым қатаң түрінің ең жоғарғы мерзімінің немесе мөлшерінің жартысынан аспауға тиіс.»;

10) 54-баптың бірінші бөлігі мынадай мазмұндағы р) тармағымен толықтырылсын:

«р) құқық қорғау органы қызметкерінің, судьяның өз қызмет жағдайын пайдаланып қылмыс жасауы.»;

1 1) 6 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің а) тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«а) абақтыда ұстаудың бір күні;»;

екінші бөліктегі «қамаумен,» деген сөз алып тасталсын;

12) 62-баптың бірінші, үшінші және 3-1-бөліктеріндегі «қамаудың», «қамау» деген сөздер тиісінше «абақтыда ұстаудың», «абақтыда ұстау» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөлік «кезінде» деген сөзден кейін «шектеулердің және» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

«5-1. Сот шартты түрде соттауды тағайындағанда сотталған адамға белгілі бір міндеттерді орындауды: шартты түрде сотталған адамның тәртібін бақылауды жүзеге асыратын мамандандырылған мемлекеттік органға хабарламай тұрақты мекен-жайын, жұмысын, оқуын өзгертпеуді, белгілі бір орындарға бармауды, маскүнемдіктен, нашақорлықтан, уытқұмарлықтан, венерологиялық аурудан немесе ВИЧ/ЖҚТБ-дан емделу курсынан өтуді, отбасына материалдық қолдауды жүзеге асыруды жүктеуі мүмкін. Сот шартты түрде сотталған адамға оның түзелуіне мүмкіндік беретін басқа да міндеттерді орындауды жүктеуі мүмкін.»;

тақырыптағы «Жәбірленушімен татуласуына» деген сөздер «Татуласуға» деген сөзбен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы төртінші бөлікпен толықтырылсын:

«4. Қылмыс қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне зиян келтірген жағдайларда осы баптың бірінші немесе екінші бөлігінде көрсетілген адам шын ниетпен өкінсе және қоғам мен мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне келтірілген зиянның орнын толтырған болса, ол қылмыстық жауаптылықтан босатылуы мүмкін.

Осы баптың ережелері сыбайлас жемқорлық қылмыс жасаған адамдарға қолданылмайды.»;

15) 69-баптың үшінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Егер қылмыс жасаған адам тергеуден немесе соттан жалтарса, ескіру мерзімінің өтуі тоқтатыла тұрады. Бұл жағдайда ескіру мерзімінің өтуі адамның ұсталған немесе оның айыбын мойындап келген кезінен бастап жаңартылады. Бұл орайда, егер қылмыс жасаған уақыттан бері ескіру мерзімі тоқтатылмаса және мынадай мерзімдер:

а) кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасағаннан кейін он жыл;

б) орташа ауырлықтағы қылмыс жасағаннан кейін он бес жыл;

в) ауыр қылмыс жасағаннан кейін жиырма жыл;

г) аса ауыр қылмыс жасағаннан кейін жиырма бес жыл өтсе, адам қылмыстық жауапқа тартылмауға тиіс.»;

тақырыптағы «әйелдердің жазаны» деген сөздер «әйелдер мен жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін еркектердің жазаны» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктегі «сотталған әйелдердің» және «жас балалары бар әйелдердің» деген сөздер тиісінше «сотталған әйелдер мен жас балаларды жалғыз өзі тәрбиелейтін еркектердің» және «жас балалары бар әйелдер мен жас балаларды жалғыз өзі

тәрбиелейтін еркектердің» деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші бөліктегі «сотталған әйел», «әйелді», «сотталушы әйелді» деген сөздер тиісінше «сотталған адам», «адамды», «сотталған адамды» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктегі «сотталған әйелдің», «сотталған әйелді» деген сөздер тиісінше «сотталған адамның», «сотталған адамды» деген сөздермен ауыстырылсын;
төртінші бөліктегі «сотталған әйел» деген сөздер «сотталған адам» деген сөздермен ауыстырылсын;

17) 73-баптың төртінші бөлігіндегі «Қамауға» деген сөз «Абақтыда ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 8) 7 6 - б а п т а :

үшінші бөлік «жағдайда» деген сөзден кейін «, сол сияқты шет мемлекет сотының үкімі бойынша тағайындалған жазаны Қазақстан Республикасының аумағында өтеп отырған не өтеген адамға» деген сөздермен толықтырылсын;

т ө р т і н ш і б ө л і к т е :

бірінші сөйлем «ауыстырылуы» деген сөзден кейін «, не мұндай адам жазаның қосымша түрінен босатылуы» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші сөйлем «өтеген» деген сөзден кейін «немесе оны одан әрі өтеуден босатылған» деген сөздермен толықтырылсын;

19) 77-баптың үшінші бөлігінің б) тармағындағы «қамау» деген сөз «абақтыда ұстау» деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 79-баптың жетінші бөлігінің екінші сөйлемі мынадай редакцияда жазылсын:
«Кішігірім ауырлықтағы қылмыс жасаған немесе орташа ауырлықтағы қылмысты бірінші рет жасаған кәмелетке толмағандарға бас бостандығынан айыру тағайындалмайды.»;

21) 98-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер алып тасталсын;

22) 103-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

2 3) 1 0 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «бес» деген сөз «үш» деген сөзбен ауыстырылсын;

24) 105-бап алып тасталсын;

25) 107-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның алты айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл

салуға, не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер «айыппұл салуға , не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге,» деген сөздермен ауыстырылсын;

26) 108-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл төлеуге, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.»;

2 7) 1 1 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «үш жылға» деген сөздер «екі жылға» деген сөздермен ауыстырылып, «, не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;

төртінші бөліктің екінші абзацындағы «үш» деген сөз «екі» деген сөзбен ауыстырылып, «, не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер алып тасталсын;

28) 112-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.»;

2 9) 1 1 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «бір айдан үш айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның үш айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде айыппұл салуға, не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «, не екі айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

30) 114-1-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы «үш» деген сөздің алдынан « айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не» деген сөздермен толықтырылсын;

31) 115-баптың екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның бес айдан жеті айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер «айыппұл салуға не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

32) 116-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.»;

бірінші бөліктің екінші абзацында :

«немесе сотталған адамның алты айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«не алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацында :

«немесе сотталған адамның алты айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға алуға» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөлікте :

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«3. Тиісті бейіндегі жоғары медициналық білімі жоқ адамның аборт жасауы не тиісті бейіндегі жоғары медициналық білімі бар адамның бірнеше рет заңсыз аборт ж а с а у ы , - » ;

екінші абзацта :

«, не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

«үш жылға дейінгі» деген сөздер «дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

34) 118-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

бірінші бөліктің екінші абзацында :

«немесе сотталған адамның екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге табысы мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;

«не үш айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

36) 122-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

37) 123-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

38) 126-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

39) 127-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:
«1. Адамды психиатриялық стационарға заңсыз орналастыру немесе онда заңсыз
ұ с т а у —
үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

4 0) 1 2 9 - б а п т а :
екінші бөліктің екінші абзацындағы «, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген
с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;
үшінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе» деген сөз «не» деген сөзбен ауыстырылсын;

4 1) 1 3 2 - б а п т а :
бірінші бөліктің екінші абзацындағы «не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген
с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;
екінші бөліктің екінші абзацындағы «не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

42) 135-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.»;

4 3) 1 3 6 - б а п т а :
бірінші бөліктің екінші абзацындағы «, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген
д е г е н с ө з д е р а л ы п т а с т а л с ы н ;
екінші бөліктің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

4 4) 1 4 0 - б а п т а :
бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:
«Еңбекке жарамды адамның еңбекке жарамсыз және материалдық көмекке мұқтаж жұбайын (зайыбын) асырауға сот шешімі бойынша қаражат төлеуден үш айдан астам әдейі жалтаруы, мұны дәл осындай әрекет жасағаны үшін бір жыл ішінде әкімшілік жаза қолданылған адам жасағанда, -»;

екінші абзацтағы «, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер алып тасталсын;

4 5) 1 4 1 - б а п т а :
бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.»;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден екі мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.»;

46) мынадай мазмұндағы 141-1-баппен толықтырылсын:

«141-1-бап. Қинау

1. Тергеушінің, анықтауды жүргізуші адамның, немесе өзге лауазымды адамның не олардың айдап салуымен немесе үнсіз келісімімен басқа адамның, не олардың білуімен қиналушыдан немесе үшінші адамнан мәліметтер алу немесе мойындату, не ол жасаған немесе жасады деп күдік келтірілген іс-әрекет үшін оны жазалау, сондай-ақ оны немесе үшінші адамды кез келген сипаттағы кемсітуге негізделген кез келген себеп бойынша қорқыту немесе мәжбүр ету мақсатымен қасақана тән зардабын және (немесе) психикалық зардап шектіруі, —

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару құқығынан айыруға, не бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2. Дәл сол әрекет:

а) адамдар тобымен немесе алдын ала сөз байласқан адамдар тобымен;

б) бірнеше рет;

в) денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіре отырып;

г) кінәлі адам жүкті әйелге қатысты көрінеу жасаса немесе кәмелетке толмаған адамға қатысты жасалса, —

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

3. Дәл сол әрекет жәбірленушінің денсаулығына ауыр зиян келтіруге немесе абайсызда оның өліміне әкеп соқса, —

үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бес жылдан он жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

Е с к е р т у .

Лауазымды адамдардың заңды іс-әрекеті нәтижесінде келтірілген тән зардабы және психикалық зардап қинау деп танылмайды.»;

4 7)

1 4 2 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «, не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер алып тасталсын;

48) 143-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы «не екі айдан төрт айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер алып тасталсын;

49) 144-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«144-бап. Дәрігерлік құпияны жария ету

1. Медициналық қызметкердің кәсіптік немесе қызметтік қажеттіліксіз адам бойында ВИЧ/ЖҚТБ бар екені туралы мәліметтерді хабарлау арқылы пациенттің сырқаты немесе медициналық куәландыру нәтижелері туралы мәліметтерді жария етуі

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына жазаланады.

2. Ауыр зардаптарға әкеп соққан дәл сол әрекет - үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айырып не онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

5 0)

1 4 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «, не үш айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысы немесе өзге де табысы мөлшерінде» және «не екі айдан төрт айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

51) 146-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы «не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

52) 149 және 150-баптар алып тасталсын;

5 3)

1 5 0 - 1 - б а п т а :

бірінші абзацтағы «араласуы» деген сөзден кейін «, мұны дәл осындай әрекет жасағаны үшін бір жыл ішінде әкімшілік жаза қолданылған адам жасағанда» деген сөздер мен толықтырылсын;

екінші абзацтағы «не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер «не белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен

айналысу құқығынан айыра отырып, екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына» деген сөздермен ауыстырылсын;

5 4) 1 5 2 - б а п т а :
б і р і н ш і б ө л і к т е :

бірінші абзацтағы «немесе орташа ауыртпалықтағы» деген сөздер алып тасталсын;

е к і н ш і а б з а ц т а :

«немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» деген сөздер алып тасталсын;
«бостандығынан айыруға» деген сөздер «бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер «бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздермен ауыстырылсын;

55) 164-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе сотталған адамның он айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» және «не алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер алып тасталсын;

5 6) 1 7 2 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т і ң е к і н ш і а б з а ц ы н д а :

«төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға немесе» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т і ң е к і н ш і а б з а ц ы н д а :

«үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға немесе» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға алуға, » деген сөздер «не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

5 7) 1 7 3 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т і ң е к і н ш і а б з а ц ы н д а :

«не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға,» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

е к і н ш і б ө л і к т і ң е к і н ш і а б з а ц ы н д а :

«не екі айға дейінгі мерзімге қамауға алуға,» деген сөздер алып тасталсын;

«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

5 8) 1 7 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі» деген сөздер «дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

59) 176-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацында:

«не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

«үш жылға дейінгі мерзімге» деген сөздерден кейін «бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

60) 177-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

6 1) 1 7 8 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«мүлкі тәркіленіп немесе онсыз үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

6 2) 1 8 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «не алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«мүлкі тәркіленіп немесе онсыз үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

63) 182-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«182-бап. Алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру

1. Алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен меншік иесіне немесе өзге мүлік иеленушіге ұрлық белгілерінсіз мүліктік залал келтіруді:

а) адамдар тобының алдын ала сөз байласу бойынша жасауы;

б) бірнеше рет;

в) қызмет бабын пайдаланып жасау –

төрт жүзден сегіз жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салып не онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.

2 . Д ә л с о л ә р е к е т :

а) ұйымдасқан топпен жасалғанда;

б) ірі залал келтіргенде –

мүлкі тәркіленіп немесе онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

64) 183-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

65) 184-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

66) 184-1-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

67) 185-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға не үш жылға дейінгі» деген сөздер «дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

6 8) 1 8 6 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден сегіз жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыруға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

6 9) 1 8 7 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жүз сағаттан бір жүз сексен сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

екінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

70) 188-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«188-бап. Бөтен адамның мүлкін абайсызда жою немесе бүлдіру

Отпен немесе өзге де аса қауіпті көздермен абайсыз жұмыс істеу салдарынан болған не абайсызда ауыр зардаптарға әкеп соққан бөтен адамның мүлкін жою немесе бүлдіру

– айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.»;

7 1) 1 8 9 - б а п т а :

екінші абзацтағы «не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

ескертудегі «бес жүз» деген сөздер «мың» деген сөзбен ауыстырылсын;

72) 190-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

73) 192-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«алты жүз елу айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл сала отырып не онсыз екі жылдан бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

74) 192-1-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бес жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.»;

75) 193-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден жеті жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салып не онсыз үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

76) 194-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

77) 195-бап алып тасталсын;

7 8) 1 9 6 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «, не нақ сол мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «бес жылға» деген сөздер «үш жылға» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «мүлкі» деген сөздің алдынан «айлық есептік көрсеткіштің екі мыңнан бес мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не» деген

сөздермен

толықтырылсын;

ескертудегі «жүз» деген сөз «екі жүз» деген сөздермен ауыстырылсын;

79) 197-бап алып тасталсын;

80) 198 - бапта:

бірінші абзац мынадай редакцияда жазылсын:

«Жарнама берушінің жарнамада тауарларға, жұмыстарға немесе қызмет көрсетуге, сондай-ақ оларды өндірушілерге, орындаушыларға немесе сатушыларға қатысты көрінеу жалған ақпаратты пайдалануы пайдакүнемдік ниетпен жасалса және ірі зиян келтірсе, мұны бір жыл ішінде дәл осындай әрекет жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған адам жасағанда, -»;

екінші абзацтағы «не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,», «, не нақ осы мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер алып тасталсын;

81) 199 - бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «не үш айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

82) 200 - бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«не алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

«бір жылға дейінгі» деген сөздер «дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде» және «не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

83) 201-бап алып тасталсын;

84) 202-баптың екінші абзацында:

«немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде» және «не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

85) 202-1-баптың екінші абзацында:

«не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

«бостандығынан айыруға» деген сөздер «бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

8 6) 2 0 3 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацында:

«не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;
«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

87) 204-баптың екінші абзацындағы «не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталып, «бостандығынан айыруға» деген сөздер «бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

8 8) 2 0 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;
«бас бостандығынан айыруға» деген сөздер «бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацында:

«не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;
«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

8 9) 2 0 8 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«не алты айға дейін қамауға алуға,» деген сөздер алып тасталсын;
«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;
ескерту мынадай редакцияда жазылсын:
« Е с к е р т у л е р .

1. Осы бапта айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомада келтірілген залал елеулі залал деп танылады.

2. Егер келтірілген залалдың орнын өз еркімен толтырған адамның әрекетінде өзге қылмыстың құрамы болмаса, ол осы баптың бірінші бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылады.»;

90) 209-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацында:
«не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;
«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге немесе дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

9 1) 2 1 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер алып тасталсын;
екінші бөліктің екінші абзацындағы «төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,

не үш жылға дейінгі» деген сөздер «үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;
ескерту мынадай редакцияда жазылсын:
« Е с к е р т у л е р .

1. Егер төленбеген кеден төлемдерінің құны бес мың айлық есептік көрсеткіштен асса, кеден төлемдерін төлеуден жалтару ірі мөлшерде жасалған деп танылады.

2. Егер Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген бересінің сомасын, есептелген өсімпұлдарды, айыппұлдар сомасын өз еркімен төлеген адамның әрекетінде өзге қылмыстың құрамы болмаса, ол осы баптың бірінші бөлігі бойынша қылмыстық жауаптылықтан босатылады.»;

9 2) 2 1 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

«не бес жылға» деген сөздер «үш жылға» деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші бөліктің екінші абзацындағы «не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

93) 216-баптың екінші абзацындағы «не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

94) 216-1-баптың екінші абзацындағы «не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

95) 217-баптың екінші абзацындағы «не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

96) 218-баптың екінші абзацындағы «, не бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салына отырып бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер «не бір жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салына отырып, бір жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына» деген сөздермен ауыстырылсын;

97) 219-баптың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«айлық есептік көрсеткіштің жеті жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде немесе сотталған адамның жеті айдан бір жылға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салуға, не екі жүзден бес жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салына отырып және үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе

белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге жазаланады.»;

9 8) 2 2 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;
«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;
екінші бөліктің екінші абзацындағы «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салына отырып немесе онсыз және үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, екі жылға дейін бас бостандығынан айыруға» деген сөздер «жүзден екі жүз айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде немесе сотталған адамның бір айдан екі айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге де табысының мөлшерінде айыппұл салына отырып немесе онсыз және үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып, бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

99) 221-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацында:

«не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;
«онысыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер «онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

100) 222-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «бір мыңнан үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде» деген сөздер «айлық есептік көрсеткіштің жеті жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде» деген сөздермен ауыстырылсын;

101) 222-1-баптың екінші абзацында:

«не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;
«бостандығынан айыруға» деген сөздер «бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

102) 223-бап алып тасталсын;

1 0 3) 2 2 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «үш айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «дәл сол мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацында:

«не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;
«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

104) 225-бап алып тасталсын;

105) 226-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

1 0 6) 2 2 7 - 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «, не нақ осы мерзімге бас бостандығынан айыруға» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «үш» деген сөз «екі» деген сөзбен ауыстырылсын ;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «бес» деген сөз «үш» деген сөзбен ауыстырылсын;

1 0 7) 2 2 8 - б а п т ы ң е к і н ш і а б з а ц ы н д а :

«үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не төрт жылға дейінгі» деген сөздер «төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 0 8) 2 2 9 - б а п т а :

б і р і н ш і б ө л і к т і ң е к і н ш і а б з а ц ы н д а :

«не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;
«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацында:
«не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;
«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

109) 230-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не» деген сөздер «немесе» деген сөзбен ауыстырылсын;

1 1 0) 2 3 1 - б а п т а :

екінші бөліктің екінші абзацындағы «не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

111) 232-баптың екінші абзацы «бес жылға» деген сөздердің алдынан «айлық есептік көрсеткіштің жеті жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не» деген сөздермен толықтырылсын;

112) 236-баптың екінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

113) 241-баптың үшінші бөлігінің екінші абзацындағы «не екі айдан төрт айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

114) 242-баптың екінші абзацындағы «төрт» деген сөз «екі» деген сөзбен, «, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі» деген сөздер «не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

115) 245-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1 6) 2 4 5 - 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «алты» деген сөз «бес» деген сөзбен ауыстырылсын;

117) 249-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 1 8) 2 5 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде немесе сотталған адамның екі айдан бес айға дейінгі кезеңдегі жалақысының немесе өзге табысының мөлшерінде айыппұл сала отырып не онсыз бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге немесе дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.» ;

төртінші бөліктің екінші абзацында:
«не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;
«бір жылға дейінгі» деген сөздерден кейін «мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен толықтырылсын;

119) 252-баптың төртінші бөлігінің екінші абзацында:
«не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;
«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

120) 253-баптың екінші абзацында:
«жұмыстарына,» деген сөз «жұмыстарына» деген сөзбен ауыстырылсын;
«, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер алып тасталсын;

121) 254-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацында:
«үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не үш айдан алты айға

дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

«екі жылға дейінгі» деген сөздер «дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2 2) 2 5 7 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«үш жылдан жеті жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

123) 258-баптың екінші абзацындағы «төрт айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

124) 259-баптың бірінші бөлігі алып тасталсын;

125) 261-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

1 2 6) 2 6 6 - б а п т ы ң б і р і н ш і б ө л і г і н д е :

бірінші абзацтағы «немесе орташа ауыр» деген сөздер алып тасталсын; екінші абзацтағы «не екі айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

127) 272-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға немесе екі жылға дейінгі» деген сөздер «екі жылға дейінгі бас бостандығын шектеуге не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 2 8) 2 7 5 - б а п т ы ң б і р і н ш і б ө л і г і н і ң е к і н ш і а б з а ц ы н д а :

«не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын; «бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

1 2 9) 2 7 6 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «, не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер алып тасталсын;

130) 281-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 3 1) 2 8 2 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «үш айға дейінгі мерзімге қамауға» деген

сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі» деген сөздер «үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

132) 283-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «төрт айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

133) 287-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

134) 288-баптың бірінші бөлігінде:

а) тармағы алып тасталсын;

екінші абзацтағы «төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

135) 292-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

136) 295-бапта:

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«бес» деген сөз «екі» деген сөзбен ауыстырылсын;

«не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

төртінші бөліктің екінші абзацында:

«не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға алуға,» деген сөздер алып тасталсын;

«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

137) 296-баптың бірінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы «немесе орташа ауырлықтағы» деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзацта:

«бес» деген сөз «екі» деген сөзбен ауыстырылсын;

«не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

138) 297-баптың екінші абзацында:

«үш» деген сөз «екі» деген сөзбен ауыстырылсын;

«не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

139) 298-бапта:

бірінші бөлікте:

бірінші абзацтағы «немесе орташа ауырлықтағы» деген сөздер алып тасталсын;

екінші абзацта:

«не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;
екінші бөлікте:

бірінші абзацтағы «немесе орташа ауырлықтағы» деген сөздер алып тасталсын;
екінші абзацта:

«не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;
«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

140) 299-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға немесе төрт жылға дейінгі» деген сөздер «төрт жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

141) 300-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацында:
«үш» деген сөз «екі» деген сөзбен ауыстырылсын;
«екі айдан төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «дәл сол» деген сөзбен ауыстырылсын;

142) 302-баптың бірінші бөлігінде:
бірінші абзац «бұзуы,» деген сөзден кейін «мұны дәл осындай әрекет жасағаны үшін бір жыл ішінде әкімшілік жаза қолданылған адам жасағанда,» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші абзацтағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

143) 303-баптың бірінші бөлігінде:
бірінші абзацтағы «немесе орташа ауырлықтағы» деген сөздер алып тасталсын;
екінші абзацта:
«төрт» деген сөз «екі» деген сөзбен ауыстырылсын;

«не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

144) 304-1-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «немесе алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға» деген сөздер алып тасталсын;

145) 306-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

146) 307-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

147) 308-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі» деген сөздер «үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

148) 309-баптың екінші абзацындағы «үш айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

149) 310-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға, не бір жылға дейінгі» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

150) 312-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі» деген сөздер «дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

151) 313-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

152) 314-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

153) 315-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

154) 316-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

155) 317-баптың екінші абзацында:
«екі жылға» деген сөздер «бір жылға» деген сөздермен ауыстырылсын;
«үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі» деген сөздер «дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

156) 317 - 1 - б а п т а :
бірінші бөліктің екінші абзацындағы «бес айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші бөліктің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі» деген сөздер «үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

157) 318 - б а п т а :
бірінші бөліктің екінші абзацындағы «бес айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;
екінші бөліктің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі» деген сөздер «үш жылға дейінгі бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен толықтырылсын;

1 5 8) 3 1 9 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға алуға» деген сөздер алып тасталсын;
екінші бөліктің екінші абзацындағы «не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

1 5 9) 3 2 0 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «, не үш айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер алып тасталсын;
екінші бөліктің екінші абзацындағы «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

160) 321-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацында:
«алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не бес жылға дейінгі» деген сөздер «бес жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

161) 321-1-баптың екінші абзацында:
«алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

162) 322-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

163) 323-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 6 4) 3 2 4 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «үш айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 6 5) 3 2 5 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:
«екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

166) 326-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

167) 327-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

168) 330-1-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«330-1-бап. Шығарып жіберу туралы шешімді орындамау

Шетел азаматының және азаматтығы жоқ адамның оған қатысты қабылданған Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу туралы шешімді орындамауы, оған бір жыл ішінде дәл осындай әрекет жасағаны үшін әкімшілік жаза қолданылған жағдайда,

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

169) 331-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

170) 332-баптың екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

171) 334 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «төрт айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

172) 335-баптың екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

173) 336 - бапта :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «төрт айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын ;

екінші бөліктің екінші абзацында :

«не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

1 7 4) 3 3 7 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацында:

«не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;
«бас бостандығынан» деген сөздердің алдынан «бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге» деген сөздермен толықтырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «не алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

үшінші бөліктің екінші абзацындағы «төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 7 5) 3 3 7 - 1 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі» деген сөздер «үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

176) 338-баптың екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылға дейінгі» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 7 7) 3 3 9 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

178) 341-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 7 9) 3 4 2 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «екі айдан төрт айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

181) 346-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «үш жылға дейінгі мерзімге белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан айыра отырып немесе онсыз екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

182) 347-баптың бірінші бөлігінің бірінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Тергеушінің немесе алдын ала анықтауды жүргізуші адамның тарапынан қорқыту, бопсалау немесе өзге де заңсыз іс-әрекеттер қолданылу жолымен күдіктіні, айыпталған адамды, жәбірленушіні, куәгерді жауап беруге мәжбүр ету, сол сияқты адамның ерікті түрде жауап беруіне, жасалған қылмыс туралы өтініш беруіне кедергі келтіру не оны жауап беруден бас тартуға мәжбүр ету, не сарапшыны қорытынды беруге мәжбүр ету –»;

183) 347-1-бап алып тасталсын;

184) 348-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «не екі айдан төрт айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

185) 351-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

186) 352-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

187) 353-баптың екінші абзацындағы «үш жылға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

188) 354-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш жылға дейінгі» деген сөздер «үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

189) 355-баптың екінші абзацындағы «үш айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

190) 356-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «, не төрт айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер алып тасталсын;

191) 357-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «үш айдан төрт айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 9 2) 3 6 2 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «төрт айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге» деген сөздермен ауыстырылсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол » деген сөздермен ауыстырылсын;

үшінші бөліктің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«бір жылдан екі жылға дейінгі мерзімге түзеу жұмыстарына, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

1 9 3) 3 6 3 - б а п т ы ң е к і н ш і а б з а ц ы н д а :

«не үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

«шектеуге, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

194) 364-баптың екінші абзацындағы «, не үш айға дейінгі мерзімге қамауға,» деген сөздер алып тасталсын;

195) 365-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «төрт айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға, не екі жылға дейінгі» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не дәл сол» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 9 6) 3 6 7 - б а п т а :

бірінші бөліктің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

төртінші бөліктің екінші абзацындағы «үш айдан алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

197) 368-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не екі жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

198) 369-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға, не бес» деген сөздер «үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не екі» деген сөздермен ауыстырылсын;

199) 370-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

«екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға жазаланады.»;

200) 371-баптың екінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «екі айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

201) 374-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын: «айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға, не бір жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не екі айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не бір жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады.»;

202) 375-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не бір жылдан бес» деген сөздер «үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не бір жылдан екі» деген сөздермен ауыстырылсын;

203) 376-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш» деген сөздер «үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не екі» деген сөздермен ауыстырылсын;

204) 377-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

205) 378-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

206) 380-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

207) 381-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не үш» деген сөздер «үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не екі» деген сөздермен ауыстырылсын;

208) 382-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға алуға, не бес» деген сөздер «үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не екі» деген сөздермен ауыстырылсын;

209) 386-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «екі айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

210) 387-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

211) 388-баптың екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға, не сол» деген сөздер «үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға, не бір жылға дейінгі» деген сөздермен ауыстырылсын;

212) 389-баптың екінші абзацындағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

213) 390-баптың бірінші бөлігінің екінші абзацындағы «қамауға» деген сөз «абақтыда ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

214) 391-баптың бірінші бөлігінде: бірінші абзацтағы «немесе орташа ауырлықтағы» деген сөздер алып тасталсын; екінші абзацтағы «алты айға дейінгі мерзімге қамауға» деген сөздер «екі жылға дейінгі мерзімге әскери қызметі бойынша шектеуге, не үш айға дейінгі мерзімге абақтыда ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын.

2. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық іс жүргізу кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 23, 335-құжат; 1998 ж., № 23, 416-құжат; 2000 ж., № 3-4, 66-құжат; № 6, 141-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 15-16, 239-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 32, 33-құжаттар; № 17, 155-құжат; № 23-24, 192-құжат; 2003 ж., № 18, 142-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139-құжат; № 24, 153, 154, 156-құжаттар; 2005 ж., № 13, 53-құжат; № 21-22, 87-құжат; № 24, 123-құжат; 2006 ж., № 2, 19-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 12, 72-құжат; 2007 ж., № 1, 2-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 10, 69-құжат; № 13, 99-құжат; 2008 ж., № 12, 48-құжат; № 15-16, 62, 63-құжаттар; № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 6-7, 32-құжат; № 15-16, 71, 73-құжаттар; № 17, 81, 83-құжаттар; № 23, 113, 115-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 127, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 4-құжат, № 11, 59-құжат; № 17-18, 111-құжат; № 20-21, 119-құжат; 2010 жылғы 27 қазанда «Егемен Қазақстан» және «Казахстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 23 қазандағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 7-баптың 14-1) тармағындағы «ауыр емес және орташа ауыр қылмыстар бойынша» деген сөздер алып тасталсын;

2) 31-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Шет мемлекеттің соты соттаған және жазасын өтеу үшін кешірім жасауды қолданбау туралы шарт қойылмай, Қазақстан Республикасына берілген адамның кешірім жасау немесе жазаны жеңілдету туралы өтінішпен жүгінуге құқығы бар.»;

3) 33-баптың бірінші бөлігінде: «105, 111-баптарында» деген сөздер «111,» деген цифрлармен ауыстырылсын; «144-бабында (бірінші және екінші бөліктерінде)» деген сөздер «144-бабында (бірінші бөлігінде)» деген сөздермен ауыстырылсын; «188-бабында (бірінші бөлігінде),» деген сөздер алып тасталсын;

4) 34-баптың бірінші бөлігінде: «144-бабында (үшінші бөлігінде)» деген сөздер «144-бабында (екінші бөлігінде)»

деген сөздермен ауыстырылсын;
«188-бабында (екінші бөлігінде)» деген сөздер «188» деген цифрлармен ауыстырылсын;

5) 64-баптың бірінші бөлігі «адам:» деген сөзден кейін «арнайы прокурор,» деген сөздермен толықтырылсын;

6) 109-бап мынадай мазмұндағы он бірінші бөлікпен толықтырылсын:
«11. Шет мемлекеттің аумағында қылмыс жасады деп айыпталған немесе сотталған адамды беру туралы шешімге шағым жасау және оның заңдылығы мен негізділігін соттың тексеруі осы Кодекстің 531-1-бабында көзделген тәртіппен жүзеге асырылады.»
;

7) 138-баптың үшінші бөлігі алып тасталсын;

8) 140-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«140-бап. Бұлтартпау шаралары және қосымша шектеулер

Бұлтартпау шаралары мыналар болып табылады:

1) ешқайда кетпеу және өзін дұрыс ұстау туралы қол қойдыру;

2) жеке кепілдік беру;

3) әскери қызметшіні әскери бөлім командованиесінің бақылауына беру;

4) кәмелетке толмағанды қарауға беру;

5) кепіл болу;

6) үйде қамауда ұстау;

7) қамау.

2. Әскери қызметшіні әскери бөлім командованиесінің бақылауына беруді және қамауды қоспағанда, қажет кезде бұлтартпау шарасы қолданылған адамға қатысты электрондық ізге түсу құралдары қолданылуы мүмкін.

Бұлтартпау шарасын қолдану туралы қаулыда электрондық ізге түсу құралдарын қолдану және айыпталушыға олардың мақсатын түсіндіру туралы белгі жасалады.

Электрондық ізге түсу құралдарын қолдануға оларды айналадағылардың байқауынан жасыру шаралары қолданылған жағдайда жол беріледі, ол айыпталушының баратын жері және оның орнын ауыстыратын жолдар, сондай-ақ жасы, денсаулығы, отбасылық жағдайы мен өмір салты ескеріліп жүзеге асырылуға тиіс.»;

9) 141 - бапта:

тақырып «таңдау» деген сөзден кейін «және қосымша шектеулер белгілеу» деген сөздермен толықтырылсын;

«қажеттігі туралы» деген сөздерден кейін «, сондай-ақ осы Кодекстің 140-бабының екінші бөлігінде көрсетілген қосымша шектеулерді белгілеу туралы» деген сөздермен толықтырылсын;

10) 144-баптың бірінші бөлігіндегі «жерінен» деген сөзден кейін «(елді мекеннен)» деген сөздермен толықтырылсын;

11) 147-баптың бірінші бөлігі «қамтамасыз етуін өзіне қабылдайтын» деген сөздер «қамтамасыз етуді, соның ішінде оның үйден тыс жерде болуын шектеуді, қылмыстық процесті жүргізетін органның рұқсатынсыз басқа жерге кетуіне жол бермеуді мойнына алып,» деген сөздермен ауыстырылсын;

12) 149-баптың екінші бөлігі мынадай мазмұндағы екінші және үшінші абзацтармен толықтырылсын:

«Қамауға алынған адамның тұрғын үйден шығуына белгіленген шектеулерді сақтауын қадағалауды жүзеге асыру кезінде қылмыстық процесті жүргізуші орган тәуліктің кез келген уақытында оның тұрғылықты жерінде болуын тексеруге құқылы.

Тексеру күндізгі уақытта екі реттен артық және түнгі уақытта бір реттен артық жүргізілмейді. Лауазымды адамның қамауда отырған адамның тұрғын үйінде болуына осы адамның және онымен бірге тұратын адамдардың келісімімен жол беріледі және ол отыз минуттан аспауға тиіс.»;

13) 150-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«150-бап. Қамауға алу

1. Қамауға алу бұлтартпау шарасы ретінде соттың санкция беруімен ғана және заңмен кемінде бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмыс жасаған деп айыпталушыға, сезіктіге қатысты ғана қолданылады. Ерекше жағдайларда бұл бұлтартпау шарасы заңмен кемінде бес жыл мерзімге бас бостандығынан айыру түріндегі жаза көзделген қылмыс жасаған деп айыпталушыға, сезіктіге қатысты, егер:

1) оның Қазақстан Республикасының аумағында тұрақты тұратын жері болмаса;

2) оның жеке басы анықталмаса;

3) ол бұрын таңдалған бұлтартпау шарасын бұзса;

4) ол қылмыстық қудалау органдарынан немесе соттан жасырынуға тырысса немесе жасырынса;

5) ол ұйымдасқан топтың немесе қылмыстық қоғамдастықтың (қылмыстық ұйымның) құрамында қылмыс жасады деп айыпталса не оған күдік келтірілсе;

6) оның бұрын жасаған ауыр немесе аса ауыр қылмысы үшін соттылығы болса, қолданылуы мүмкін.»;

14) 178-баптың төртінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«4. Қылмыс туралы «домалақ арыз» қылмыстық іс қозғауға себеп бола алмайды.»;

15) 190 - 1 - бапта:

бірінші бөліктегі «, сотқа дейінгі іс жүргізудің жеңілдетілген тәртібін қолдануға келіскен» деген сөздер алып тасталсын;

екінші бөліктің екінші абзацындағы «ауыр немесе» деген сөздер алып тасталсын;

16) 192 - бапта:

бірінші бөлікте:

«165 - 174» деген цифрлар «165 - 173» деген цифрлармен ауыстырылсын;

мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің өзге де баптарында көзделген қылмыстар туралы істер бойынша, егер олардың тергеуі ұлттық қауіпсіздік органдарының тергеуіне жатқызылған қылмыстар туралы істер бойынша алдын ала тергеу жүргізуге тікелей байланысты болса және қылмыстық істі жеке іс жүргізуге бөлу мүмкін болмаса, алдын ала тергеуді ұлттық қауіпсіздік органы жүргізуі мүмкін.»;

е к і н ш і б ө л і к т е :

«155» деген цифрлардан кейін «, 174» деген цифрлармен толықтырылсын;
«259-бабында (1-1 және екінші бөліктерінде)» деген сөздер «259-бабында (1-1, екінші, 2-1, үшінші және төртінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;
«377-бабында (екінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «381-бабында (екінші бөлігінде),» деген сөздермен толықтырылсын;

ү ш і н ш і б ө л і к т е :

«197» деген цифрлар «196» деген цифрлармен ауыстырылсын;
«199 - 205,» деген цифрлардан кейін «206,» деген цифрлармен толықтырылсын;
«223-бабында (екінші бөлігінде),» деген сөздер алып тасталсын;
«225-бабында,» деген сөздер алып тасталсын;
«307-бабында (бірінші және екінші бөліктерінде)» деген сөздер «307-бабында» деген сөздермен ауыстырылсын;

«308-бабында (бірінші және екінші бөліктерінде), 310, 311-баптарында (бірінші және екінші бөліктерінде), 312 - 315-баптарында» деген сөздер «308, 310 - 315-баптарында» деген сөздермен ауыстырылсын;

т ө р т і н ш і б ө л і к т е :

«182-бабында (екінші және үшінші бөліктерінде)» деген сөздер «182-бабында (бірінші және екінші бөліктерінде)» деген сөздермен ауыстырылсын;

«206,» деген цифрлар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы екінші сөйлеммен толықтырылсын:

«Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің 141-1-бабында көзделген қылмыстар туралы қылмыстық істер бойынша алдын ала тергеуді осы органның қызметкері болып табылмайтын адамға қатысты қылмыстық істі қозғаған ішкі істер немесе қаржы полициясы органдары жүргізеді.»;

4 - 1 - б ө л і к т е :

«259-бабында (2-1, үшінші және төртінші бөліктерінде),» деген сөздер алып т а с т а л с ы н ;

«, 347-1-бабында, 381-бабында (екінші бөлігінде)» деген сөздер алып тасталсын;
4-2-бөлік алып тасталсын;

1 7) 2 8 5 - б а п т а :

е к і н ш і б ө л і к т е :

«259-бабында (бірінші бөлігінде),» деген сөздер алып тасталсын;

«176-бабында (бірінші бөлігінде), 214-бабында (бірінші бөлігінде)» деген сөздер «176-бабында (бірінші бөлігінде)» деген сөздермен ауыстырылсын; үшінші бөліктегі «223 (бірінші бөлігінде),» деген сөздер алып тасталсын; төртінші бөлік алып тасталсын; алтыншы бөліктегі «қылмыстық істі қозғаған ішкі істер органы немесе» деген сөздер алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-2-бөлікпен толықтырылсын: «8-2. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 209-бабының бірінші бөлігінде, 214-бабының бірінші бөлігінде көзделген қылмыстар туралы істер бойынша анықтауды қылмыстық істі қозғаған қаржы полициясы органы немесе кеден органы жүргізеді.»; тоғызыншы бөліктегі «209-бабының бірінші бөлігінде,» деген сөздер алып тасталсын;

18) 317-бап мынадай мазмұндағы сегізінші бөлікпен толықтырылсын: «8. Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексі 67-бабының төртінші бөлігінде көрсетілген мән-жайлар болған кезде прокурор заңмен қорғалатын қоғам мен мемлекет мүддесіне келтірілген зиян бөлігінде сотталушымен татуласуға келісетіндігі туралы сотқа мәлімдеуге құқылы. Прокурордың сотталушымен татуласуға келісуі туралы мәлімдемесі қылмыстық қудалаудан бас тартуды білдірмейді.»;

19) 461-баптың үшінші бөлігіндегі «олар заңды күшіне енген күннен бастап» деген сөздер «соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларын қайта қарау туралы өтініш жасауға, соттардың заңды күшіне енген үкімдері мен қаулыларына наразылық беруге құқығы бар тұлғалар сот қаулысын алған күннен бастап» деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 531 - бапта :

бесінші бөліктегі «нұсқауын» деген сөз «қаулысын» деген сөзбен ауыстырылсын; мынадай мазмұндағы алтыншы бөлікпен толықтырылсын: «6. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе уәкілетті прокурордың шет мемлекеттің азаматын ұстап беру туралы талапты қарау нәтижелері туралы оны ұстап беру туралы өтініш келіп түскен адамға хабарланады, сондай-ақ оған қабылданған шешімге сотқа шағымдану құқығы түсіндіріледі.

Ұстап беру туралы қаулы өзіне қатысты қаулы қабылданған адамға хабарланған кезден бастап он тәулік өткен соң заңды күшіне енеді. Қаулыға шағым берілген жағдайда ұстап беру сот шешімі заңды күшіне енгенге дейін жүргізілмейді.»;

21) мынадай мазмұндағы 531-1-баппен толықтырылсын:

«531-1-бап. Адамды ұстап беру туралы шешімге шағымдану

1. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының немесе уәкілетті прокурордың ұстап беру туралы қаулысына өзіне қатысты осы шешім қабылданған адам немесе оның қорғаушысы хабарлама алған кезден бастап он тәуліктің ішінде адамның орналасқан жеріндегі аудандық және оған теңестірілген сотқа шағым бере алады.

2. Оған қатысты ұстап беру туралы шешім қабылданған адамды қамауда ұстау орнының әкімшілігі сотқа жолданған шағымды алған соң жиырма төрт сағаттың ішінде оны тиісті сотқа жібереді және бұл туралы прокурорға хабарлайды.

3. Прокурор ұстап беру туралы қаулыға шағымдану туралы хабарлама келіп түскен кезден бастап он тәуліктің ішінде сотқа өзі қабылдаған шешімнің заңдылығы мен негізділігін растайтын материалдарды жібереді.

4. Адамды ұстап беру туралы шешімнің заңдылығы мен негізділігін тексеруді сот шағымды алған күннен бастап бір ай ішінде прокурордың, оған қатысты ұстап беру туралы шешім қабылданған адамның және, егер ол қылмыстық іске қатысса, оның қорғаушысының қатысуымен ашық сот отырысында жүргізеді.

5. Отырысты бастар алдында төрағалық етуші қандай шағым қарауға жататынын жариялайды, қатысушыларға олардың құқықтарын, міндеттері мен жауапкершіліктерін түсіндіреді. Содан кейін өтініш беруші және (немесе) егер қылмыстық іске қатысса, оның қорғаушысы шағымды негіздейді, содан кейін сөз прокурорға беріледі.

6. Сотта қарау барысында сот осы адамды ұстап беру туралы шешімнің Қазақстан Республикасының заңнамасы мен халықаралық шарттарына сәйкестігін тексерумен шектеліп, шағым жасаған адамның кінәлілік мәселелерін талқыламайды.

7. Тексеру нәтижесінде сот мынадай:

1) адамды ұстап беру туралы шешімді заңсыз немесе негізсіз деп тану және оның күшін жою туралы;

2) шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы;

3) адамды қамауда ұстау мерзімін кемінде бір ай мерзімге ұзарта отырып, осы шешімді қабылдау үшін елеулі маңызы бар мәселелерді қарағанға дейін ұстап беру туралы шешімді тоқтата тұру туралы қаулылардың бірін шығарады.

8. Ұстап беру үшін қамауға алынған адамды босату осы Кодекстің 534-бабында көзделген тәртіппен ұстап беруді заңсыз немесе негізсіз деп тану және оның күшін жою туралы сот қаулысы күшіне енгеннен кейін жүргізіледі.

9. Ұстап беруді заңсыз немесе негізсіз деп тану және оның күшін жою туралы не шағымды қанағаттандырусыз қалдыру туралы сот қаулысына ол шығарылған күннен бастап он тәуліктің ішінде облыстық және оған теңестірілген сотқа шағым берілуі немесе наразылық білдірілуі мүмкін.»;

22) 532-баптың бірінші бөлігінің 4) тармағындағы «болмаса, ұстап беруге жол берілмейді.» деген сөздер «болмаса;» деген сөзбен ауыстырылып, мынадай мазмұндағы 5) тармақпен толықтырылсын:

«5) сұраушы мемлекетте адам қинауды қолдану қаупіне ұшырауы мүмкін деп ұйғаруға негіз болса, ұстап беруге жол берілмейді.»;

23) 534 - бапта:

төртінші бөліктегі «отыз» деген сөз «қырық» деген сөзбен ауыстырылсын; бесінші бөліктегі «бір айға» деген сөздер «қырық тәулікке» деген сөздермен

а у ы с т ы р ы л с ы н ;

жетінші бөлік мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

«Ұстап беруі сұралған адамның немесе оның қорғаушысының ұстап беру туралы шешімге шағымдану, оған босқын немесе баспана іздеген адам мәртебесін беру мәселелері бойынша не ұстап беру туралы шешім қабылдау үшін елеулі маңызы бар өзге де мәселелер бойынша шағымы болған жағдайда, прокурордың өтініші бойынша экстрадициялық қамау мерзімін сот он екі айға дейін, бірақ үкімді орындау үшін ұстап беруді сұрап отырған шет мемлекетте адам сотталған мерзімнен артық емес мерзімге ұзартуы мүмкін.»;

24) 541-баптың алтыншы бөлігіндегі «не шет мемлекетінде» деген сөздер «шет мемлекетте не Қазақстан Республикасында» деген сөздермен, «жазасы» деген сөз «жазасын» деген сөзбен ауыстырылсын.

3. 1997 жылғы 13 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Қылмыстық-атқару кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 1997 ж., № 24, 337-құжат; 2000 ж., № 6, 141-құжат; № 8, 189-құжат; № 18, 339-құжат; 2001 ж., № 8, 53-құжат; № 17-18, 245-құжат; № 24, 338-құжат; 2002 ж., № 23-24, 192-құжат; 2004 ж., № 5, 22-құжат; № 23, 139, 142-құжаттар; № 24, 154-құжат; 2005 ж., № 13, 53-құжат; 2006 ж., № 11, 55-құжат; 2007 ж., № 2, 18-құжат; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 17, 140-құжат; № 20, 152-құжат; 2008 ж., № 23, 114-құжат; 2009 ж., № 15-16, 73-құжат; № 24, 128, 130-құжаттар; 2010 ж., № 7, 28-құжат):

1) 1 0 - б а п т а :

6-тармақтағы «Қамауға» деген сөз «Гауптвахтада ұстауға» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

10-тармақтағы «Қамауға немесе бас» деген сөздер «Бас» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 11-баптың 1-тармағындағы «қамау немесе» деген сөздер алып тасталсын;

3) 12-баптың 2-тармағындағы «Қамау немесе бас» деген сөздер «Бас» деген сөзбен ауыстырылсын;

4) 13-баптың 2 және 3-тармақтарындағы «Қамауға» деген сөз «Гауптвахтада ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

5) 1 4 - б а п т а :

5-тармақтағы «Қамау, бас» деген сөздер «Бас» деген сөзбен ауыстырылсын;

7-тармақтағы «қамауды» деген сөз «гауптвахтада ұстауды» деген сөздермен ауыстырылсын;

6) 16-баптың 4-тармағындағы «Қамауға алуға, бас» деген сөздер «Бас» деген сөзбен ауыстырылсын;

7) 18-баптың 3-тармағындағы «қамауды» деген сөз «гауптвахтада ұстауды» деген сөздермен ауыстырылсын;

8) 24-баптың 2-тармағындағы «Қамау, бас» деген сөздер «Бас» деген сөзбен ауыстырылсын;

9) 27-баптың 2-тармағындағы «Қамауға, бас» деген сөздер «Бас» деген сөзбен ауыстырылсын;

10) 53-баптың 1-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Бас бостандығын шектеу түріндегі жазаны өтеушілерді қадағалауды қылмыстық-атқару инспекциясы жүзеге асырады және сотталған адамдарға олардың тұратын жері мен жұмыс орны бойынша, сондай-ақ жұмыстан бос уақытында байқау мен бақылау жасауды қамтамасыз етеді. Тиісті бақылауды қамтамасыз ету және сотталған адамдардың орналасқан жері туралы ақпарат алу үшін қылмыстық-атқару инспекциялары Қазақстан Республикасының Үкіметі түрлерін айқындайтын электрондық байқау құралдарын пайдалануға құқылы. Оларды қолдану тәртібін және қылмыстық-атқару инспекциясының қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастыруды жазаның орындалуын жүргізетін орган айқындайды.»;

11) 3-бөлім алып тасталсын;

12) 5-бөлімнің тақырыбындағы «қамау» деген сөз «гауптвахтада ұстау» деген сөзбен ауыстырылсын;

13) 19-тараудың тақырыбындағы «қамауды» деген сөз «гауптвахтада ұстауды» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 4) 1 4 5 - б а п т а :

тақырыптағы «қамауды» деген сөз «гауптвахтада ұстауды» деген сөздермен ауыстырылсын ;

бірінші сөйлемдегі «Қамауға» деген сөз «Гауптвахтада ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

15) 146-баптағы «Қамауға» деген сөз «Гауптвахтада ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

16) 147-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«147-бап. Сотталғандарды гауптвахтада ұстау тәртібі мен шарттары

1. Гауптвахтада ұстауға сотталғандар құлыпталатын жалпы камераларда қатаң оқшаулау жағдайында жазасын өтейді. Еркектер мен әйелдер бөлек орналастырылады. Гауптвахтада ұстау түріндегі жазаны орындау жөніндегі қызметті ұйымдастыру тәртібі әскери жарғыларда айқындалады. Гауптвахтада ұстауға сотталғандардың айдауылсыз жүруіне тыйым салынады.

2. Гауптвахтада ұстау түріндегі жазаға сотталғандарға: өздерінің жеке шоттарындағы қаражатын ай сайын үш айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде тамақ өнімдері мен бірінші кезекте қажетті заттарды сатып алуға жұмсауға ;

бірінші кезекте қажетті заттар мен маусымдық киім-кешек салынған посылкалар,

сәлемдемелер, бандерольдер алуға;
адвокаттармен кездесуге;
ұзақтығы кемінде бір жарым сағат болатын күнделікті серуен жасауға рұқсат етіледі

Сотталғандарды әскери оқыту әскери қызметші жауынгерлік қызметін өткеріп жүрген уәкілетті мемлекеттік орган әзірлейтін арнайы бағдарлама бойынша ұйымдастырылып, жүргізіледі. Сабақтарды өткізу үшін қажетті оқу-материалдық база ж а с а л а д ы .

3. Ерекше жеке мән-жайлар кезінде гауптвахтада ұстауға сотталғандарға жұбайымен (зайыбымен), жақын туыстарымен телефон арқылы сөйлесуге рұқсат етілуі мүмкін.»;

1 7) 1 4 9 - б а п т а :

1-тармақтағы «Қамау» деген сөз «Гауптвахтада ұстау» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

3-тармақтағы «Қамауға» деген сөз «Гауптвахтада ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

1 8) 1 7 3 - б а п т а :

1-тармақтағы «қамау» деген сөз «гауптвахтада ұстау» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

2-тармақтағы «Қамауға» деген сөз «Гауптвахтада ұстауға» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4-тармақтағы «Қамауға» деген сөз «Гауптвахтада ұстауға» деген сөздермен ауыстырылсын;

19) 174-баптың 1-тармағындағы «қамауды» деген сөз «гауптвахтада ұстауды» деген сөздермен ауыстырылсын;

20) 176-баптың 1-тармағындағы «қамау мерзімі біткенге дейін екі айдан не» деген сөздер алып тасталсын;

2 1) 1 7 7 - б а п т а :

1-тармақтағы «Қамау» деген сөз «Гауптвахтада ұстау» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

4-тармақтағы «, қамау» деген сөз алып тасталсын;

22) 178-1-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы екінші бөлікпен толықтырылсын:

«Шартты түрде мерзімінен бұрын босатылған адамдарды тиісінше бақылауды қамтамасыз ету және олардың орналасқан жері туралы ақпарат алу үшін ішкі істер органдары Қазақстан Республикасының Үкіметі түрлерін айқындайтын электрондық байқау құралдарын пайдалануға құқылы. Оларды қолдану тәртібін және ішкі істер органдарының қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастыруды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі айқындайды.»;

4-тармақ «беруге» деген сөзден кейін «, сот жүктеген міндеттерді орындауға» деген сөздермен толықтырылсын;

мынадай мазмұндағы 6-тармақпен толықтырылсын:

«6. Тиісті бақылауды қамтамасыз ету және сотталған адамдардың орналасқан жері туралы ақпарат алу үшін қылмыстық-атқару инспекциялары Қазақстан Республикасының Үкіметі түрлерін айқындайтын электрондық байқау құралдарын пайдалануға құқылы. Оларды қолдану тәртібін және қылмыстық-атқару инспекциясының қадағалауды жүзеге асыру жөніндегі қызметін ұйымдастыруды жазаның орындалуын жүргізетін орган айқындайды.»;

1-тармақ «қолданылған» деген сөзден кейін «, тіркеу үшін келмеген, қылмыстық-атқару инспекцияларының рұқсатынсыз тұрғылықты жерін ауыстырған» деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақтағы «әкімшілік құқық бұзушылықты» деген сөздер «бұзушылықтарды» деген сөзбен ауыстырылсын.

4. 2001 жылғы 30 қаңтардағы Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексіне (Қазақстан Республикасы Парламентінің Жаршысы, 2001 ж., № 5-6, 24-құжат; № 17-18, 241-құжат; № 21-22, 281-құжат; 2002 ж., № 4, 33-құжат; № 17, 155-құжат; 2003 ж., № 1-2, 3-құжат; № 4, 25-құжат; № 5, 30-құжат; № 11, 56, 64, 68-құжаттар; № 14, 109-құжат; № 15, 122, 139-құжаттар; № 18, 142-құжат; № 21-22, 160-құжат; № 23, 171-құжат; 2004 ж., № 6, 42-құжат; № 10, 55-құжат; № 15, 86-құжат; № 17, 97-құжат; № 23, 139, 140-құжаттар; № 24, 153-құжат; 2005 ж., № 5, 5-құжат; № 7-8, 19-құжат; № 9, 26-құжат; № 13, 53-құжат; № 14, 58-құжат; № 17-18, 72-құжат; № 21-22, 86, 87-құжаттар; № 23, 104-құжат; 2006 ж., № 1, 5-құжат; № 2, 19, 20-құжаттар; № 3, 22-құжат; № 5-6, 31-құжат; № 8, 45-құжат; № 10, 52-құжат; № 11, 55-құжат; № 12, 72, 77-құжаттар; № 13, 85, 86-құжаттар; № 15, 92, 95-құжаттар; № 16, 98, 102-құжаттар; № 23, 141-құжат; 2007 ж., № 1, 4-құжат; № 2, 16, 18-құжаттар; № 3, 20, 23-құжаттар; № 4, 28, 33-құжаттар; № 5-6, 40-құжат; № 9, 67-құжат; № 10, 69-құжат; № 12, 88-құжат; № 13, 99-құжат; № 15, 106-құжат; № 16, 131-құжат; № 17, 136, 139, 140-құжаттар; № 18, 143, 144-құжаттар; № 19, 146, 147-құжаттар; № 20, 152-құжат; № 24, 180-құжат; 2008 ж., № 6-7, 27-құжат; № 12, 48, 51-құжаттар; № 13-14, 54, 57, 58-құжаттар; № 15-16, 62-құжат; № 20, 88-құжат; № 21, 97-құжат; № 23, 114-құжат; № 24, 126, 128, 129-құжаттар; 2009 ж., № 2-3, 7, 21-құжаттар; № 9-10, 47, 48-құжаттар; № 13-14, 62, 63-құжаттар; № 15-16, 70, 72, 73, 74, 75, 76-құжаттар; № 17, 79, 80, 82-құжаттар; № 18, 84, 86-құжаттар; № 19, 88-құжат; № 23, 97, 115, 117-құжаттар; № 24, 121, 122, 125, 129, 130, 133, 134-құжаттар; 2010 ж., № 1-2, 1, 4, 5-құжаттар; № 5, 23-құжат; № 7, 28, 32-құжаттар; № 8, 41-құжат; № 9, 44-құжат; № 11, 58-құжат; № 13, 67-құжат; № 15, 71-құжат; № 17-18, 112, 114-құжаттар; № 20-21, 119-құжат; 2010 жылғы 24 қарашада «Егемен Қазақстан» және 2010

жылғы 23 қарашада «Қазақстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне биотын өндірісін және айналымын мемлекеттік реттеу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 15 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы; 2010 жылғы 27 қарашада «Егемен Қазақстан» және «Қазақстанская правда» газеттерінде жарияланған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғауды қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» 2010 жылғы 23 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңы):

1) 48-баптың үшінші бөлігінде:

бірінші абзацтағы «екі жүз» деген сөздер «бес жүз» деген сөздермен ауыстырылсын;

;

екінші абзацтағы «төрт жүз» деген сөздер «мың» деген сөзбен ауыстырылсын;

2) 55-баптың бірінші бөлігі мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Әкімшілік қамауға алуды судья ерекше жағдайларда осы бөлімнің ерекше бөлігінің баптарында көзделген шектерде қырық бес тәулікке дейінгі мерзімге тағайындайды.»;

3) 71-1 баптың бірінші бөлігіндегі «131» деген цифрлар «85-3, 131, 136-2» деген цифрлармен ауыстырылсын;

4) 79-3-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«79-3-бап. Денсаулыққа зиян келтіру

1. Денсаулыққа зиян келтіру, егер осы іс-әрекетте қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса,

айлық есептік көрсеткіштің елуден бір жүз елуге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не он бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

2. Денсаулықтың қысқа уақыт бұзылуына немесе жалпы еңбек қабілетін тұрақты түрде болмашы жоғалтуға әкеп соққан денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіру - айлық есептік көрсеткіштің елуден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

5) мынадай мазмұндағы 79-6, 83-1, 85-3, 87-3, 87-4, 136-1, 136-2, 144-1, 146-1, 151-1 және 155-2-баптармен толықтырылсын:

«79-6-бап. Еңбекке жарамсыз жұбайын (зайыбын) асыраудан әдейі жалтару

Еңбекке жарамды адамның еңбекке жарамсыз және материалдық көмекке мұқтаж жұбайын (зайыбын) асырауға сот шешімі бойынша қаражат төлеуден үш айдан астам әдейі жалтаруы

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

«83-1-бап. Қоғамдық бірлестіктердің қызметіне кедергі жасау

Қоғамдық бірлестіктердің заңды қызметіне лауазымды адамның қызмет бабын пайдаланып кедергі жасауы, сол сияқты лауазымды адамның өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, осы бірлестіктердің заңды қызметіне олардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соғатын араласуы – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

«85-3-бап. Дәрігерлік құпияны жария ету

Медициналық қызметкердің кәсіптік немесе қызметтік қажеттіліксіз пациенттің сырқаты немесе медициналық куәландыру нәтижелері туралы мәліметті жария етуі – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

«87-3-бап. Қызметкерлер өкілдерінің заңды қызметіне кедергі келтіру

Қызметкерлер өкілдерінің заңды қызметіне лауазымды адамның қызмет бабын пайдаланып кедергі келтіруі, сол сияқты олардың заңды қызметіне лауазымды адамның өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, олардың құқықтары мен заңды мүдделерін елеулі түрде бұзуға әкеп соққан араласуы – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

87-4-бап. Еңбекті қорғау қағидаларын бұзу

Қауіпсіздік техникасы, өнеркәсіптік санитария қағидаларының немесе еңбекті қорғаудың өзге де қағидаларының сақталуын ұйымдастыру және қамтамасыз ету жөніндегі міндеттер жүктелген адамның осы қағидаларды абайсызда денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соққан бұзуы – айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

«136-1-бап. Алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен мүліктік залал келтіру

Алдау немесе сенімге қиянат жасау жолымен меншік иесіне немесе өзге мүлік иеленушіге ұрлық белгілерінсіз мүліктік залал келтіру – айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

136-2-бап. Бөтен біреудің мүлкін абайсызда жою немесе бұлдіру

Бөтен біреудің мүлкін ірі зиян келтіріп абайсызда жою немесе бұлдіру – айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. Осы бапта айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын мүліктің құны немесе залалдың мөлшері ірі залал ретінде танылады.»;

«144-1-бап. Көрінеу жалған жарнама

Жарнама берушінің жарнамада тауарларға, жұмыстарға немесе қызмет көрсетуге, сондай-ақ оларды өндірушілерге, орындаушыларға немесе сатушыларға қатысты көрінеу жалған ақпаратты пайдалануы пайдакүнемдік ниетпен жасалса және ірі зиян келтірсе,

жеке тұлғаларға, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға, шағын немесе орта кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде, ірі кәсіпкерлік субъектілері болып табылатын заңды тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің бес жүзден бір мыңға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

Ескерту. Осы бапта айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомаға жеке тұлғаларға келтірілген залал, не айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомаға ұйымға немесе мемлекетке келтірілген залал ірі нұқсан ретінде танылады.»;

«146-1-бап. Кредиторлық берешекті өтеуден әдейі жалтару

Тиісті сот актісі заңды күшіне енгеннен кейін ұйым жетекшісінің немесе азаматтың ірі мөлшердегі кредиторлық берешекті өтеуден әдейі жалтаруы – айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. Азаматтың бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы, ал ұйымның екі мың бес жүз айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы берешегі ірі мөлшердегі кредиторлық берешек деп танылады.»;

«151-1-бап. Кәсіпқой спорт жарыстарының және коммерциялық ойын-сауық конкурстарының қатысушылары мен ұйымдастырушыларын сатып алу

1. Спортшыларды, спорт судьяларын, жаттықтырушыларды, команда басшыларын және кәсіпқой спорт жарыстарының басқа да қатысушыларын немесе ұйымдастырушыларын, сол сияқты коммерциялық ойын-сауық конкурстарының ұйымдастырушыларын немесе жюри мүшелерін осы жарыстардың немесе конкурстардың нәтижелеріне ықпал ету мақсатында сатып алу – айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

3. Спортшылардың өздеріне жарыс нәтижелеріне ықпал ету мақсатында берілген ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз алуы, сол сияқты спортшылардың дәл сол мақсаттарда өздеріне ұсынылған мүліктік сипаттағы

қызметтерді заңсыз пайдалануы –

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не отыз тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

4. Спорт судьяларының, жаттықтырушылардың, команда басшыларының және кәсіпқой спорт жарыстарының басқа да қатысушыларының немесе ұйымдастырушыларының, сол сияқты коммерциялық ойын-сауық конкурстары ұйымдастырушыларының немесе жюри мүшелерінің осы баптың үшінші бөлігінде көрсетілген мақсаттарда ақшаны, бағалы қағаздарды немесе өзге де мүлікті заңсыз алуы, мүліктік сипаттағы қызметтерді заңсыз пайдалануы –

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден төрт жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

«155-2-бап. Көпшілік сауда-саттықтар, аукциондар мен конкурстар өткізудің белгіленген тәртібін қасақана бұзу

Мүлік иесіне, сауда-саттықтарды немесе аукциондарды ұйымдастырушыға, сатып алушыға немесе өзге де шаруашылық жүргізуші субъектіге ірі зиян келтіріп, көпшілік сауда-саттықтар, аукциондар немесе конкурстар өткізу тәртібін қасақана бұзу –

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден үш жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. Осы бапта айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын сомаға жеке тұлғаға келтірілген залал, не айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын сомаға ұйымға немесе мемлекетке келтірілген залал ірі залал деп танылады.»;

б) 159-бап мынадай редакцияда жазылсын:

«159-бап. Тұтынушыларды алдау

1. Сауда қызметін және қызметтер көрсетуді жүзеге асыратын дара кәсіпкерлердің немесе ұйымдардың кем өлшеуі, таразыдан жеуі, кем есептеуі, тауардың (көрсетілетін қызметтердің) тұтыну қасиеттеріне немесе сапасына қатысты жаңылыстыруы немесе тұтынушыларды өзгедей алдауы –

жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің үшке дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге айлық есептік көрсеткіштің бестен онға дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

2. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған іс-әрекеттер –

белгілі бір қызмет түріне берілетін лицензиядан айырып және үш жылға дейінгі мерзімге қызметін тоқтата тұрып немесе оған тыйым салып, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

3. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, елеулі залал келтіруге әкеп соққан іс-әрекеттер –

белгілі бір қызмет түріне берілетін лицензиядан айырып не үш жылға дейінгі

мерзімге қызметін тоқтата тұрып немесе оған тыйым салып, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің жиырмадан отызға дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге елуден бір жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.

4. Осы баптың бірінші бөлігінде көзделген, ірі залал келтіруге әкеп соққан і с - ә р е к е т т е р –

белгілі бір қызмет түріне берілетін лицензиядан айырып не үш жылға дейінгі мерзімге қызметін тоқтата тұрып немесе оған тыйым салып, жеке тұлғаларға – айлық есептік көрсеткіштің отыздан бір жүзге дейінгі мөлшерінде, лауазымды адамдарға, дара кәсіпкерлерге бір жүзден екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. Осы бапқа қатысты бір айлық есептік көрсеткіштен асатын сомадағы залал – елеулі мөлшердегі залал деп, кемінде үш айлық есептік көрсеткіш сомасындағы залал ірі мөлшердегі залал деп танылады.»;

7) мынадай мазмұндағы 234-1 және 275-1-баптармен толықтырылсын:

«234-1-бап. Магистралдық құбыр жолдарын салу, пайдалану немесе жөндеу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу

Магистралдық құбыр жолдарын салу, пайдалану немесе жөндеу кезінде қауіпсіздік ережелерін бұзу, егер бұл әрекет абайсызда адамның денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса, –

айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

«275-1-бап. Табиғат пайдалану жөніндегі заңсыз мәмілелерді тіркеу

Табиғат пайдалану жөніндегі көрінеу заңсыз мәмілелерді тіркеу, табиғи ресурстарды мемлекеттік есепке алу мен мемлекеттік жер кадастрларының деректерін бұрмалау, сол сияқты табиғи ресурстарды пайдаланғаны, қоршаған ортаны ластағаны, табиғи ресурстарды қорғағаны және молықтырғаны үшін төлемді қасақана төмендету, егер бұл әрекеттерді лауазымды адам өзінің қызмет бабын пайдалана отырып, пайдакүнемдік немесе өзге де жеке мүддесі үшін жасаса, – айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

8) 2 9 8 - б а п :

мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

«2-1. Заңсыз аңшылық, егер бұл әрекет елеулі залал келтіріп жасалса, – айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

мынадай мазмұндағы ескертумен толықтырылсын:

«Ескерту. Осы бапта айлық есептік көрсеткіштен бір жүз және одан да көп есе асатын залал мөлшері елеулі залал деп танылады.»;

9) 320-бап мынадай мазмұндағы 1-1-бөлікпен толықтырылсын:

«1-1. Есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды сату мақсатынсыз көп мөлшерде заңсыз иемденіп алу, тасымалдау немесе сақтау – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

10) мынадай мазмұндағы 324-1-баппен толықтырылсын:

«324-1-бап. Заңсыз медициналық қызмет және есірткі құралдарын немесе психотроптық заттарды алуға құқық беретін рецептерді немесе өзге де құжаттарды заңсыз беру не қолдан жасау

Медициналық немесе фармацевтикалық қызметке сертификаты және (немесе) лицензиясы жоқ тұлғаның қызметтің осы түрімен айналысуы, егер бұл абайсызда адамның денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса, – айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

11) 375-бап мынадай мазмұндағы 2-1-бөлікпен толықтырылсын:

«2-1. Діни ұйымдардың заңды қызметіне кедергі келтіру – жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

12) мынадай мазмұндағы 394-1, 468-1, 468-2, 474-1-баптармен толықтырылсын:

«394-1-бап. Шығарып жіберу туралы шешімді орындамау

Шетелдіктердің және азаматтығы жоқ адамдардың өздеріне қатысты қабылданған Қазақстан Республикасының шегінен шығарып жіберу туралы шешімдерді о р ы н д а м а у ы –

айлық есептік көрсеткіштің бір жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

«468-1-бап. Көлік құралдарын жүргізуші адамдардың жол жүрісі және көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы

Автомобильді, троллейбусты, трамвайды не басқа да механикалық көлік құралын жүргізуші адамның жол жүрісі немесе көлік құралдарын пайдалану қағидаларын бұзуы , абайсызда адамның денсаулығына орташа ауырлықтағы зиян келтірсе, – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

«468-2-бап. Көлікте қолданылатын қағидаларды бұзу

Жол, құрылыс және басқа ұйымдарда басқару міндеттерін атқаратын және жолдар мен жол құрылыстарын, олардың жабдықтарын пайдалану, сондай-ақ жол жүрісін ұйымдастыру үшін жауапты адамдардың көлікте қолданылатын тәртіп қорғау және қозғалыс қауіпсіздігі қағидаларын бұзуы, егер ол:

а) ірі залал келтіруге;

б) денеге орташа ауырлықтағы зақым келтіруге әкеп соқса, – айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.

Ескерту. Осы бапта ірі залал деп айлық есептік көрсеткіштен бір жүз есе асатын мөлшерде жеке тұлғаға келтірілген залал не айлық есептік көрсеткіштен бес жүз есе асатын мөлшерде ұйымға немесе мемлекетке келтірілген залал танылады.»;

«474-1-бап. Көлік құралдарын сапасыз жөндеу және оларды техникалық ақауларымен пайдалануға шығару

Көлік құралдарын, қатынас жолдарын, белгі беру немесе байланыс құралдарын не өзге көлік жабдықтарын сапасыз жөндеу, сол сияқты көлік құралдарының техникалық жағдайына жауапты адамның техникалық ақауы бар екені белгілі көлік құралдарын пайдалануға шығаруы, егер бұл әрекеттер абайсызда денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтірсе, –

жеке тұлғаларға айлық есептік көрсеткіштің екі жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

13) 475-бап мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылсын:

«3. Көлік құралы иесінің немесе иеленушісінің алкогольдік, есірткілік немесе өзге де масаю күйіндегі адамды көлік құралын жүргізуге жіберуі, егер бұл абайсызда денсаулыққа орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса, – айлық есептік көрсеткіштің үш жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

14) мынадай мазмұндағы 512-5-баппен толықтырылсын:

«512-5-бап. Машиналарды жүргізу немесе пайдалану қағидаларын бұзу

Әскери, арнайы машинаны немесе көлік машинасын жүргізу немесе пайдалану қағидаларын бұзу адамның денсаулығына абайсызда орташа ауырлықтағы зиян келтіруге әкеп соқса, –

айлық есептік көрсеткіштің екі жүзден бес жүзге дейінгі мөлшерінде айыппұл салуға не қырық бес тәулікке дейін әкімшілік қамауға әкеп соғады.»;

15) 541-баптың бірінші бөлігінде:

«79-5,» деген цифрлардан кейін «79-6,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«85-2 (екінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «85-3,» деген цифрлармен

толықтырылсын;

«87-2,» деген цифрлардан кейін «87-3, 87-4,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«136» деген цифрлар «136 - 136-2» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«145» деген цифрлар «144-1, 145, 146-1» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«151,» деген цифрлардан кейін «151-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«155-1 (төртінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «155-2,» деген цифрлармен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

«233,» деген цифрлардан кейін «234-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«246 (екінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «275-1,» деген цифрлармен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

«320 (бірінші бөлігінде)» деген сөздер «320 (бірінші және 1-1-бөліктерінде)» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«326» деген цифрлар «324-1, 326» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«394 (екінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «394-1,» деген цифрлармен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

«468 (бірінші және екінші бөліктерінде),» деген сөздерден кейін «468-1, 468-2,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«473 (үшінші бөлігінде),» деген сөздерден кейін «474-1,» деген цифрлармен

т о л ы қ т ы р ы л с ы н ;

«512-1 – 512-4» деген цифрлар «512-1 - 512-5» деген цифрлармен ауыстырылсын;

16) 619-баптың бірінші бөлігінің 1-1) тармақшасы «79-5» деген цифрлардан кейін «79-6» деген цифрлармен толықтырылсын;

17) 636-баптың бірінші бөлігінің 1) тармақшасында:
е к і н ш і а б з а ц т а :

«79-5,» деген цифрлардан кейін «79-6, 83-1, 85-3,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«86-1,» деген цифрлардан кейін «87-3, 87-4,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«136,» деген цифрлардан кейін «136-1, 136-2,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«203,» деген цифрлардан кейін «234-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«298 (екінші бөлігі)» деген сөздер «298 (екінші және 2-1-бөліктері)» деген сөздермен а у ы с т ы р ы л с ы н ;

«318 - 321,» деген цифрлардан кейін «324-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«394 (екінші бөлігі),» деген сөздерден кейін «394-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«468 (бірінші және екінші бөліктері),» деген сөздерден кейін «468-1, 468-2,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«474,» деген цифрлардан кейін «474-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

алтыншы абзацтағы «512-4» деген цифрлар «512-5» деген цифрлармен ауыстырылсын;

тоғызыншы абзацтағы «298 (екінші және үшінші бөліктері)» деген сөздер «298 (екінші, 2-1 және үшінші бөліктері)» деген сөздермен ауыстырылсын;

о т ы з ү ш і н ш і а б з а ц т а :

«145» деген цифрлар «144-1, 145, 146-1» деген цифрлармен ауыстырылсын;

«151,» деген цифрлардан кейін «151-1,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«155,» деген цифрлардан кейін «155-2,» деген цифрлармен толықтырылсын;

«157,» деген цифрлардан кейін «159 (үшінші және төртінші бөліктері),» деген сөздермен толықтырылсын;

«218-1 (жетінші бөлігі),» деген сөздерден кейін «275-1,» деген цифрлармен толықтырылсын.

2-бап. Осы Заң, 2012 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізілетін 1-баптың 3-тармағының 10), 22) тармақшаларын және 23) тармақшасының төртінші абзацын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Президенті

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң
Н. Назарбаев

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК